

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 001 «Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасымен қаралған жеке ерекшеліктер бойынша бөлінген қаржыға жанар-жағар май, отын материалдары, кеңсе тауарлары, көлік қосалқы бөлшектері сатып алынған және байланыс қызметтері, банк қызметтері, «Парус» бағдарламасының жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, қызметтік автокөлікке техникалық қызмет көрсету жұмыстары сатып алынған.

Мемлекеттік мекеме тарапынан пайдаланған коммуналдық қызметтері үшін төленіп отырған коммуналдық төлемдері екі жақты жасасқан келісім-шарттары негізінде коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдардың атына сәйкесінше көрсеткен қызметтері үшін берілген счет фактура бойынша аударылған.

Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған ақша қаражаты шегінде, шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлем шоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 нысаны «Шығындардың жиынтық есебіне» сәйкес келеді. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау, жоспардан тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Кассалық операциялары жүргізілмеген. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» қаулысына сай жүргізілген.

Бағдарлама мәселесі «Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының заңнама нормаларының сақталуын тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2. Жалпы білім беру саласына бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігін тексеру.

003 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылы 4131199,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, 4131176,3 мың теңгеге шығыстар жасалған, ал 2018 жылы 4717552,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, 4717495,4 мың теңгеге шығыстар жасалған.

2017 жылы 003 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасымен жеке ерекшеліктер бойынша бөлінген қаржыға жабдықтаушылар мен

Туғыс

мердігерлерге қаржы аудару барысында келісім шарттар жасалған. Соның ішінде бағдарламалар бөлінісінде:

- 123 ерекшелік міндетті сақтандыру жарналары үшін 1 келісім шарт негізінде 51,0 мың теңгеге автокөлікке сақтандыру жарнасы жасалған.

- 141 ерекшелік азық-түлік сатып алу үшін 21 келісім шарт негізінде 35 107,0 мың теңгеге азық-түлік сатып алу жасалған.

- 142 ерекшелік дәрілік заттарды және өзге де заттар үшін 1 келісім шарт негізінде 952,0 мың теңгеге дәрілік заттарды және өзге де заттарға жасалған.

- 144 ерекшелік Жанар-жағар май, отын материалдарын сатып алу бойынша 5 келісім шарт негізінде 259 458,0 мың теңгеге 2040 литр жанар-жағар майы сатып алынған.

- 149 ерекшелік Өзге де қорларды сатып алу бойынша 28 келісім шарт жасалынып, жалпы сомасы 37 007,0 мың теңге игерілген, оның ішінде: кеңсе тауарлары 9 715,1 мың теңге, шаруашылық заттары –24 491,9 мың теңге, газеттерге жазылуға– 2 800,0 мың теңге.

- 151 ерекшелік Коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 6 келісім шарт жасалынып 9 683,0 мың теңге.

- 152 ерекшелік Байланыс қызметтеріне ақы төлеу бойынша 8 келісім шарт негізінде 41 675,0 мың теңге игерілген, оның ішінде: интернет желісін пайдалану 12 101,4 мың теңге және байланыс қызметтері 30 172,0 мың теңге, пошталық қызмет 50,0 мың теңге.

- 159 ерекшелік Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша жалпы жиыны 66 373,0 мың теңгеге 26 келісім шарт жасалған: 1 келісім шарт негізінде 329,7 мың теңгеге «Парус-Каз» бағдарламасының жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, кеңсе техникаларына қызмет көрсету мен картриждерді толтыру қызметіне 2 410,2 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалынған, жер телімінің сызбасын дайындау мен топографиялық түсірілім жасау үшін, және техникалық құжатты дайындауға 1 келісім шарт жасалынып 642,3 мың теңге, 2 500,0 мың теңгеге банк қызметі үшін 3 келісім шарт жасалынды, Өзге де қызметтер үшін 22 келісім шарт жасалынып 60 490,8 мың теңге игерілген.

- 169 ерекшелік басқа да ағымдағы шығындар бойынша 4 келісім шарт негізінде 21 791,0 мың теңге сыйлықтарға, жарыстарға игерілген.

- 414 Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша 11 081,0 мың теңгеге 8 келісім шарт жасалған, оның ішінде: Мемлекеттік рәміздер сатып алуға 6 767,7 мың теңгеге 3 келісім шарт, 434,6 мың теңгеге электр плиткасы 1 келісім шарт жасалған, 3 878,7 мың теңгеге кондиционер, IP камерасы, ұялы телефондарға арналған сигналдарды басу 3 келісім шарт жасалған.

- 416 Материалдық емес активтерді сатып алу ерекшелігі бойынша 1 келісім шарт жасалынып, антивирустық бағдарлама 222,0 мың теңге игерілген.

2018 жылы 003 - «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасымен жеке ерекшеліктер бойынша бөлінген қаржыға жабдықтаушылар мен



мердігерлерге қаржы аудару барысында келісім шарттар жасалған. Соның ішінде бағдарламалар бөлінісінде:

011 Трансферттер және республикалық бюджет есебінен:

- 149 ерекшелік Өзге де қорларды сатып алу бойынша 9 келісім шарт жасалынып, жалпы сомасы 2 003,0 мың теңге игерілген, оның ішінде: өзге де заттар (төсек жапқыш) – 2 003,0 мың теңге.

- 159 ерекшелік Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша жалпы жиыны 520,0 мың теңгеге 2 келісім шарт жасалған: 2 келісім шарт негізінде 520,0 мың теңге безендіру жұмыстарына игерілген.

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:

- 141 ерекшелік азық-түлік сатып алу үшін 34 келісім шарт негізінде 45 322,0 мың теңгеге азық-түлік сатып алу жасалған.

- 142 ерекшелік дәрілік заттарды және өзге де заттар үшін 1 келісім шарт негізінде 240,0 мың теңгеге дәрілік заттарды және өзге де заттарға жасалған.

- 144 ерекшелік Жанар-жағар май, отын материалдарын сатып алу бойынша 4 келісім шарт негізінде 287 419,8 мың теңге игерілген, оның ішінде: 281 043,4 теңгеге 1598,1 литр жанар-жағар майы сатып алынған, 6 377,2 теңгеге 365 тонна қатты отын сатып алынған. Оның ішінде:

003/015/144 «Сұйық отын, жанар жағар май сатып алу» ерекшелігі бойынша 2018 жылдың 19 сәуірінде «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «Алакөл Каримов Д.Е.» арасында Сұйық отын, жанар жағар май сатып алуға 248606,9 мың теңгеге № 190 келісім шарт жасасқан. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай тауарды жеткізу мерзімі 2017 жылдың мамыр айы болып айқындалған.

1 Тармақ. Алайда, жеке кәсіпкер «Алакөл Каримов Д.Е.» негізгі келісім шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттерінің 8607,1 мың теңгесін құрайтын дизель отынын 22 күнтізбелік күнге кешіктіріп орындағаны анықталды. Бұл ретте негізгі келісім шарттың 7.3 тармағына сәйкес орындаушы жұмыстарды кешіктірген әр күнтізбелік күніне келісім шарттың орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасынан (31.05.2018 - 22.06.2018 жыл 8 607 125 теңге*0,1%*22 =189 357 теңге.) 0,1% тұрақсыздық айыпұл немесе **189 357 теңгені** аудит барысында бюджет есебіне өндірілді. («Алакөл ауданының білім бөлімі» ММ-нің есепшісі А.Исаханованың түсініктемесі, 19.04.2018 жылғы № 190 келісім шарт көшірмесі, 22.06.2018 жылғы № 0000000212 жүк құжат (накладная) көшірмесі, 03.05.2019 жылғы № 0018 түбіртек көшірмелері тіркелді. 6-қосымша 1–21 бетте).

- 149 ерекшелік Өзге де қорларды сатып алу бойынша 57 келісім шарт жасалынып, жалпы сомасы 52 934,0 мың теңге игерілген, оның ішінде: кеңсе тауарлары 4 000,0 мың теңге, шаруашылық заттары – 36 557,0 мың теңге, кеңсе техникаларына қосалқы бөлшектер – 120,0 мың теңге, автокөлікке қосалқы бөлшектер–2 900,0 мың теңге, газеттерге жазылуға– 2 500,0 мың теңге. Өзге де қорлар бойынша (доп, цемент т.б.) заттар алуға 6 857,0 мың теңге.

- 151 ерекшелік Коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 6 келісім шарт жасалынып 149 868,9 мың теңге.

- 152 ерекшелік Байланыс қызметтеріне ақы төлеу бойынша 14 келісім шарт негізінде 46 446,0 мың теңге игерілген, оның ішінде: интернет желісін пайдалану 43 446,0 мың теңге және байланыс қызметтері 3 000,0 мың теңге.

- 159 ерекшелік Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша жалпы жиыны 93 795,4 мың теңгеге 114 келісім шарт жасалған: 1 келісім шарт негізінде 352,8 мың теңгеге «Парус-Каз» бағдарламасының жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, кеңсе техникаларына қызмет көрсету мен картриждерді толтыру қызметіне 4 380,0 мың теңгеге 2 келісім шарт жасалынған, жер телімінің сызбасын дайындау мен топографиялық түсірілім жасау үшін, және техникалық құжатты дайындауға 2 келісім шарт жасалынып 300,0 мың теңге, семинарға қатысуға 240,0 мың теңгеге 3 келісім шарт жасалынған, 25 000,0 мың теңгеге банк қызметі үшін 4 келісім шарт жасалынды, ақпараттық стендтер дайындауға 2 келісім шарт жасалынып 4 900,0 мың теңге, өрт дабылына 3 500,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған, байланыс желісіне 3 811,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған, дератизация 200,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған, медициналық тексеру бойынша қызметтер 2 988,0 мың теңгеге 2 келісім шарт жасалған, бейнебақылау жөндеу 240,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған, септиктерді тазалау 500,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған, жөндеу қызметі Шағала 14 000,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған, калибрлеу, жылыту қазандықтарына қызмет көрсету сервисі 13 642,0 мың теңгеге 3 келісім шарт жасалған, өзге де қызметтерге 18 750,0 мың теңгеге 16 келісім шарт жасалған.

- 169 ерекшелік басқа да ағымдағы шығындар бойынша 9 келісім шарт негізінде 16 492,0 мың теңге игерілген,

- 414 Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша 26 451,0 мың теңгеге 35 келісім шарт жасалған, оның ішінде: жиһаздар алуға 7 751,0 мың теңгеге 19 келісім шарт, 400,0 мың теңгеге 2 телевизор 5 келісім шарт, 3 000,0 мың теңгеге мясорубка 7 келісім шарт, 8 300,0 мың теңгеге IT сынып 2 келісім шарт, 7 000,0 мың теңгеге жылу қазандықтары 2 келісім шарт жасалған.

- 416 Материалдық емес активтерді сатып алу ерекшелігі бойынша Антивирус сатып алуға 1 келісім шарт жасалынып 252,0 мың теңге игерілді.

- 419 Өзге де негізгі құралдарды сатып алу ерекшелігі бойынша 2 400,0 мың теңгеге диспенсер сатып алуға 1 келісім шарт жасалған.

Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлем шоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 нысаны «Шығындардың жиынтық есебіне» сәйкес келеді. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау, жоспардан тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Кассалық операциялар жүргізілмеген. Қазақстан

Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттарымен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 2017 жылы 404,6 мың теңге қаражат қаралған. 2018 жылы іс-сапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 962,5 мың теңге қаралған. Іссапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» қаулысына сай жүргізілген.

Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары аз қамтылған отбасылардың балаларын тамақпен қамтамасыз ету, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың жаздық демалысын ұйымдастыру, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды киіммен қамтамасыз ету мақсатында жұмсалған.

3. Балаларға қосымша білім беру бағдарламасына бөлінген қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын тексеру

006 «Балаларға қосымша білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылы 18511,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, шығыстар жасалған, ал 2018 жылы 19518,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, шығыстар жасалған.

Осы бағдарлама бойынша Үшарал қалалық балалар шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен көрсеткен қызметіне ақы төлеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 7 тарауы, 39 бабының 3 тармағына сай бір көзден сатып алу әдісімен келісім шарт жасалып, осы шарт негізінде көрсетілген қызметтің актілерімен қаржы аударылып беріліп отырған.

Бағдарлама мәселесі «Балаларға қосымша білім беруге бөлінген қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

Мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу, қамтамасыз ету кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 27.09.2013 жылғы №400 «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының